

# AQTÓĞAI AJARY

Aqtoğai aýdandyq qoғamdyq-saiasi basylım

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№14 (7903)  
Жұма  
31 наурыз  
2023 жыл

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі



### Құрметті жиынға қатысушылар!

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

Құрметті Парламент депутаттары! Қадірлі қауым!

Баршанызды жаңадан сайланған Парламенттің алғашқы сессиясының ашылуымен құттықтаймын! Сайлауда жеңіске жетіп, депутат атанған азаматтардың қызметіне табыс тілеймін! Сіздер мемлекетімізді дамыту және ел мүддесін қорғау ісіне үлес қосасыздар деп сенемін.

Мен бір жыл бұрын, осы ғимаратта халыққа жолдауымды жарияладым. Еліміз үшін аса маңызды сәтте саяси жаңғыру бағдарламасын ұсындым. Бастамаларымыз жұрттың шынайы қолдауына ие болды. Оған былтырғы референдумда айқын көз жеткіздік. Біз тәуекелге бел буып, бірден іске кірістік. Бір жылдың ішінде ауқымды жұмыс атқарылды.

Конституциялық реформа арқылы бүкіл жүйені өзгертетін қадамдар жасалды. Президент жеті жылға бір рет қана сайланатын болды. Сондай-ақ Парламенттің құзыреті мен қызметі қайта қаралды. Депутаттардың рөлі едәуір күшейді. Конституциялық Сот құрылды. Бүкіл сот жүйесіне түбегейлі реформа жасау басталды. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты жұмыс жаңаша сипат алды. Азаматтардың саяси өмірге еркін-араласуына жол ашылды.

Реформаларымыз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделді. Бұл қағида – мемлекетіміздің басты тірегі.

Референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сай билік тармақтарын түгел жаңғыртуға кірістік. Халықтың да көптен күткені осы еді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті.

Референдумды қосқанда бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды 5 саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолдыққа мерзім ішінде жүріп өттік. Қазақстанның жаңарып, жаңғыра бастағанына жұрттың көзі жетті.

Кешегі сайлауда партиялармен қатар көптеген азаматымыз бір мандатты округтен өзін-өзі ұсынды. Осылайша, халқымыз маңызды өзгеріске өз үлесін қосуға дайын екенін дәлелдеді. Елімізде жаңа азаматтық, саяси мәдениет қалыптасып жатыр. Мен сайлауға белсене қатысқан барша азаматқа алғыс айтамын.

Үгіт-насихат кезеңін және дауыс беру барысын ақпарат құралдары жан-жақты көрсетті. Партияларға, үміткерлерге бірдей мүмкіндік берілді. Мұны отандық және шетелдік байқаушылар да айтып отыр. Қандай да бір саяси ұйымға артықшылық берілген жоқ.

Президент ешбір партияның мүшесі емес. Облыс әкімдері партия бөлімшелеріне жетекшілік етпейді. Жоғары лауазымды қызметкерлер партия тізімінде болған жоқ. Яғни, барлық партиялар сайлауға бірдей жағдайда қатысты. Сайлаушылар да, үміткерлер де айрықша белсенді болды.

Саяси партиялар әр аймақта ел назарын өзіне аудару үшін тартысқа түсті. Бірнеше рет тікелей эфирде партиялар арасында қызу және тиімді пікірталас болды. Бұл – демократиялық қоғам үшін қалыптасу үрдісі. Мұның бәрі Қазақстанда ашық азаматтық қоғамның нығайып келе жатқанын көрсетті.

Сайлау науқаны кезінде көптеген орынды сын, байыпты ұсыныс айтылды. Біз айтылған салмақты ұсыныстарды міндетті түрде зерделейміз. Бәсеке жоғары болғандықтан, сайлау нәтижесін алдын ала болжау мүмкін емес болды.

Оның қорытындысы еліміздің нағыз көппартиялы мемлекетке айналу жолында маңызды қадам жасағанын көрсетті. Мемлекет басшысы ретінде айтарым, Мәжіліске көзқарасы әртүрлі саяси ұстанымдағы күштер келді деп есептеймін.

Алғаш рет ұзақ жыл бойы оппозицияда болған партия Парламентке өтті. Біз осының бәрін


(Жалғасы 4-бетте).



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

Тұтас түркі халқына ортақ мейрам – өз-Наурыз төрге озғалы дүние дилары жалырап сала берді. Самарканның көктасы жібіп, тұтасып жатқан қар көбесі сөгіліп, сонау күзде жылы мекенге ықтап кеткен жыл хабаршысындай құстар қайта оралып, Жер-Ана бусанып, жан-жануар төл ертіп, тіршіліктің бойына қан жүгірді. Қыста Жана жыл деп жінігетіміз бекершілік. Біле білген аламға жыл басы өлді тулы. Дөңгеленген дүние түлеп, бір жылды артта қалдырды.

## Төл мейрам төрге озған күн



Осынау ұлық мейрамды Ақтоғай ауданының халқы айрықша қарсы алды. Тұрғындар жылдағы дағдысынан жаңылмастан, шат-шадыман күйде Наурыз мейрамының жоғары дәрежеде өтуіне шама-шарқынша атсалысты. Аудан орталығының «Алаш алаңында» күні бұрын ақшаңқан үйлер тігіліп, ауылдағы ағайынға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, «Парасат» мейрамханасының алдына Тоқырауың, Ж.Ақбай, Кәнішбай көшесінің тұрғындары, сонымен қатар «Керуен» бизнес орталығының іргесіне М.Ержанов, Ә.Бөкейхан және Абай көшесінің тұрғындары шатыр тігіп, меймандарға құрмет білдірді.

22 наурыз күні таңсәріден Ақтоғай аспанын күмбірлеген қоңыр үнді күй кернеп, қазақы нақыштағы шапан-бешпетін киіп шыққан бұқара бір-бірімен жүздесіп, арқа-жарқа болып, бір сәт ел мерейі шалқыды. Ауа райы да осынау көрініске масаттанғандай шарайнаны жай-машуақ нұрға бөледі.

Бір мезет күн арқан бойы көтерілген шақта мерекелік іс-шара салтанатты түрде бастау алды. Ақтоғай аудандық мәдени-бос уақыт өткізу орталығының қызметкерлері әзірлеген концерттік бағдарлама көрермен

қауымға жол тартты. Мерекелік шараға аудандық білім бөлімі мен мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты мекеме қызметкерлері қатысып, шағын көрініс қойып, ән-күйден шашу шашты. Ортаға қауға сақалды, ақ киімді Қыдыр ата шығып, табалдырығымыздан аттаған Жаңа жылмен құттықтап, ақтоғайлық ағайынға қол жайып батасын берді. Бұдан кейін аудан әкімі Р.Кенжебековке сөз кезегі берілді. Р.Айттықұлы мінберге көтеріліп, жиналған қауымды төл мейраммен құттықтап, ақжарма лебізін білдірді.

Келесі кезекте өңір басшысы бастаған алқалы топ «Алаш алаңында» қанат жайған қараша үйлерге бас сұғып, қазақтың ұлттық тағамдарынан ауыз тиіп, мезірет білдіріп жүрген қызметкерлерді құттықтап, рахметін жеткізді. Әр шаңырақта әралуан ас ұсынылып, әуезді ән шырқалды. Ел ағалары мейман болып кеткеннен кейін, төр қараша халыққа ұсынылды. Сол араға жиналған тәмам жұрт әрбір киіз үйге кіріп, мерекенің басты асы – наурыз-көжеден дәм татып, ризашылықтарын білдірді.

Осы сәтте аланның келесі шетінде спорттық сайыстар бастау алып жатты. Бірінші кезекте арқан тартыс сайысы өтті. Қалың бұқара жаппай бағын сыңға

(Жалғасы 3-бетте).

Аудан мәслихатында

## VIII шақырылымдағы аудандық мәслихаттың I сессиясы

29 наурыз күні VIII шақырылымдағы аудандық мәслихаттың I сессиясы өтіп, оған аудан әкімі Руслан Кенжебеков, аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Жанболат Райымбеков, VII, VIII шақырылымдағы аудандық мәслихаттың депутаттары, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім, мекеме басшылары мен кент, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Сессияны заңдылыққа сәйкес

шаруашылығы жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы болып Төлеген Таукеев, әлеуметтік саланы дамыту, жастар саясаты, заңдылық және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы болып Дулат Избасаров сайланды. Отырыста аудандық мәслихаттағы «АМАНАТ» партиясының депутаттық фракциясы тіркелді.

Жиында сөз алған аудан әкімі Р.Кенжебеков ауданның



аудандық сайлау комиссиясының төрағасы ашып, саяси маңызды науқанның негізгі қорытындыларын жария етті. Мұнан соң алғашқы сессияның негізгі бөлімі басталып, депутаттардың ұсынысымен сессия хатшылығы мен редакциялық комиссия құрамы бекітіліп, күн тәртібінде 7 мәселе қаралды.

Сессияның күн тәртібінде аудандық мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауының қорытындылары жөніндегі аудандық сайлау комиссиясының ақпары, Ақтоғай аудандық мәслихатының төрағасын сайлау, аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларын құру және төрағаларын сайлау, аудандық мәслихаттағы «АМАНАТ» партиясының депутаттық фракциясын тіркеу мәселелері қаралды. Сондай-ақ, VIII шақырылған сессияның 2023 жылға арналған жұмыс жоспарлары мен VIII шақырылған аудандық мәслихаттың екінші сессиясының күн тәртібі, редакциялық комиссиясы бекітілді.

Сессияның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аудандық мәслихатының төрағасы болып Әбеуов Рашид Бегілікұлы сайланды. Сонымен қатар, VIII шақырылған аудандық мәслихаттың 2 тұрақты комиссиясы құрылып, құрамдары бекітіліп, төрағалыққа кандидатуралар ұсынылды. Нәтижесінде, аудандық мәслихаттың экономика, бюджет, экология, агроөнеркәсіп салалары мен кәсіпкерлікті дамыту және тұрғын үй-коммуналдық

дамуына жергілікті мәслихат депутаттарының қосар үлесі мол екенін атады.

– Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына жергілікті жерден сайланған халық қалаулыларының айрықша рөлі бар. Себебі, мәслихат депутаттары жергілікті мемлекеттік басқарудың маңызды бөлігі саналады. Өткен шақырылымда аудандық мәслихат депутаттары болып экономика, ауыл шаруашылығы мен білім саласы өкілдері сайланды. Олардың әрқайсысы ел мүддесін қорғай отырып, өкілетті органдардың жұмысына үлес қосты, – деп сөз сабақтаған аудан басшысы, VIII шақырылымда сайланған аудандық мәслихат депутаттарының жұмысына табыс тілеп, алдағы міндеттерді атап көрсетті.

Нәтижелі жұмыстарды атап өткен аудан басшысы VII шақырылымдағы депутаттарға зор ризашылығын білдіріп, Қ.Мұсаханов, Б.Қалақбасов, Н.Бейсекеев, Н.Шуланова, Т.Таукеев, Е.Керімбай, Д.Избасаров және Р.Әбеуовке аудан әкімінің Алғыс хатын табыстады.

Айта кету керек, биылғы жылдың 19 наурызында өткен саяси науқанға аудан тұрғындарының 69, 36 пайызы белсенді қатысты. Сайлау нәтижелерін атаған аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Жанболат Райымбеков жаңа құрамға депутаттық куәліктерді табыс етті.

Д.ҚАБЫЛ.

## Ақтоғай ауданы мәслихатының тіркелген депутаттары туралы хабарлама

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 29 наурызда Ақтоғай ауданының мәслихат депутаттары ретінде тіркелді:

1. Таукеев Төлеген Зарузадинович – №1 сайлау округі бойынша;
2. Елусизова Гулнар Метаевна – №2 сайлау округі бойынша;
3. Керімбай Ерден Мәрлұқылы – №3 сайлау округі бойынша;
4. Избасаров Дулат Избасарұлы – №4 сайлау округі бойынша;
5. Әбеуов Рашид Бегікович – №5 сайлау округі бойынша;
6. Сериков Ергазы Нурланович – №6 сайлау округі бойынша;
7. Омарбеков Нуржан Мухамбеталиевич – №7 сайлау округі бойынша;
8. Қалақбасов Бауржан Атарқалиевич – №8 сайлау округі бойынша;
9. Ерманов Октябрь Айдынбайұлы – №9 сайлау округі бойынша;
10. Кабдынова Айсылу Тенызбайқызы – №10 сайлау округі бойынша;
11. Қадірберлин Қайыржан Оналбекұлы – №11 сайлау округі бойынша.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

## Гендерлік саясаттың маңызы

Гендерлік саясат – қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі. Бұл – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет екені белгілі.

Гендерлік саясат «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» атты заңдармен реттеледі. Бұл заңдар азаматтардың мүдделері мен бостандықтарын, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесуде конституциялық құқықтарын

қорғауға бағытталған. Гендерлік саясат әйелдерге тең қол-жетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуды қамтамасыз етуі қажет.

Бүгінде әйелдер саясатта, бизнесте, экономиканың барлық салаларында ер-азаматтармен қатар еңбектөніп, қабілет дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп қана қоймай, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Жалпы, әйел заты қазақ қоғамында қашанда ардақты саналған.

А.Садуова,

Ақтоғай аудандық сотының бас маманы.

АБ

Рухани жаңғыру

## Құсақта наурыз тойы

Жыл басын, ізгілік пен мейірімділіктің, береке мен бірліктің мерекесін ауыл халқы ерекше көңіл-күймен, ықыласпен қарсы алады. Ақтоғай ауданына қарасты Құсақ ауылдық округі тұрғындары да Ұлыстың ұлы күнін дүркіретіп өткізді. Бірін-бірі құшақтай қарсы алысып, көрісе амандасқан ағайынның қуанышы – күллі елдің қуанышы. Көріскен жамағаттың жадыраған жылы жүзі осыны аңғартқандай еді.



Алдымен, ауыл әкімі Дархан Мұқағай құсақтықтарды мерейлі мерекеміз құттықтады.

– Жер-дүние жанданған шуақты көктеммен бірге елімізге, жерімізге нұрын шашып, қасиетті Наурыз мейрамы келді. Бұл мейрамды мұсылман халқы қуанышпен қарсы алып, дастархан жайып, бірін-бірі құшақтаса құттықтап қарсы алады. Наурыз мерекесі баршаңызға амандық,

татулық пен жылулық, береке, байлық әкелсін, – деді ауыл әкімі.

Жалпы бұл күні Құсақ ауылдық округінде Наурыз мерекесіне орай мерекелік шаралар өткізілді. Ауыл тұрғындары Мәдениет көшесі тұрғындарының дайындаған Наурыз көжесін ауыз тиіп, ақ дастарханнан дәм татты.

Ауыл тұрғындары мен қонақтары Бейбітшілік көшесінің тұрғындарының мерекелік бағдарламасын тамашалады. Өнерпаздар әннен шашу шашып, бишілер мың бұрала билеп сахнаның сәнін кіргізді. Наурыз мерекесінің шашуы шашылды.

Сонынан ұлттық спорт түрлерін жарыстар өткізілді. Қол күресі, кір тасын көтеру, арқан тартыс жарысынан оза шапқан спортшылар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ұлысқа мерей, туысқа мейірім сыйлайтын татулық мерекесін құсақтықтар осылайша бір отбасыдай қарсы алды.

Өз тілшімізден.

# Төл мейрам төрге озған күн

(Соңы. Басы 1-бетте).

салған дүбірлі додада I орынды көп арасында «Пошта ауылы» атанып кеткен көше тұрғындары иемденді. Ал, II орын ақтоғайлық 1991 жылы туған азаматтарға бұйырса,



III орын аудандық ветстанция бөлімінің жігіттерінің еншісіне тиді. Одан кейін қол күрестен өткен жарысқа жүректі де білекті азаматтар қатысты. Айналдырған жарты сағаттың көлемінде шаршы топтың арасынан шын мықтылар анықталды. Қол күресі 80 келіге дейін және 80 келіден жоғары салмақ дәрежесінде өтті. 80 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде I орын О.Есімханға тиесілі болды. II орынды Б.Аман алса, III орын Н.Сәдуақасовқа бұйырды. Ал, 80 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Б.Қуанышбек I орын, Ә.Шекен II орын, Е.Қыдырбай III



орын алды. Келесі кезекте ауыл тұрғындары мен қонақтар кір тасын көтеріп сайысты. Бұл додада қатысушылардың жасына және салмақ дәрежесіне шектеу қойылған жоқ. Сонымен, Б.Айболұлы өзгелерден оза шауып, I орынға

шықты. Б.Қуанышбек Бауыржанның ізімен II орын алса, С.Әбен III орынды місе тұтты. Бұдан кейін дүйім жұрттың назарын тегіс өзіне қаратқан боз кілем бәсекесі бастау алды. Оған тек ақтоғайлық балуандар ғана емес, сонымен қатар, аудан орталығына іргелес ауылдардан келген жас өрендер бақ сынады. Ұлы сәскеге дейін ұласқан бәсекеде 60 келі салмақта I орынды А.Қозыұлы, II орынды Р.Ризабек, III орынды І.Зекен иеленді. Бұдан бөлек, 70 келі салмақта Н.Аманкелді I орынға шықса, II орын Е.Жанбырбайға бұйырды және Ә.Бактияр III орынға табан тіреді. Сонымен қатар, сайыс соңында түйебалуандар шаршы алаңға шығып, бірін-бірі алып та, шалып та жығып жатты. «Күш атасын танымас». Бұл жарыста Ә.Женіс I орын, Н.Аманкелді II орын, Ә.Бактияр III орынға қол жеткізіп, мерейі



тасыды. Барлық жеңімпаздар аудандық спорт және дене шынықтыру бөлімі дайындаған ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Мұнымен қоса асық атудан және аудандық Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған «қошқар көтеру» жарысы болып өтті.

Спорттық доданы мәресіне жеткізіп, орталық алаңға бет бұрған ағайын мерекелік көңіл-күйде әрмен қарай Наурыз тойын тамашалап, арқа-жарқа болып жатты. Аудандық Мәдениет үйінің оғландары әзірлеген концерттік бағдарлама ұзақты күнге созылып, Ақтоғай аспанынан әуелеген ән үзілген жоқ.

## Мәдени мұра

Қазақтың ұлттық салт-дәстүрінің әрқайсысы ғылымға бергісіз. Жалпы, дәстүр атаулының ішінен біреуін тандап, майдан қыл суырғандай алып, толыққанды зерттеп, зерделейтін болсақ, оның астарында адам баласын парасаттылыққа жетелейтін мән-мағына бүркеулі жатады. Ілгеріде қазақтың ажырамас бөлігі болған ұлттық құндылықтардан кейінгі кезде кіндігіміз ажырап барады. Мұның барлығы батыс мәдениетін санамызға сіңіріп, инновацияның күнделікті тұрмысқа дендеп енуінің салдарынан.

# Ата дәстүрі дәріптелді



Жуырда өскелең ұрпаққа үлгі болсын деген себеппен, әрі ұлттық бекада мәдениетімізді дәріптеу мақсатында тағылымды іс-шара болып өтті. Атап айтар болсақ, наурыз айының 27-ші жұлдызында Ақтоғай аудандық Мәдениет үйінде «Өнерім – өмірім» атты әжелер байқауы өтті. Аталмыш сайысты ұйымдастырып, жоғары дәрежеде өтуіне ұйытқы болған – Ақтоғай мәдени-бос уақыт өткізу орталығы. Осынау байқауда ауданымызға қарасты әр ауылдық округтен келген ақжаулықты әжелер бағын сынға салды.

Өз өнерлерін ортаға салмас бұрын әжелер бірінші кезекте өздерін, қай өңірден келгенін, ерекше табиғаты мен киелі өлкелерін сөздеріне мәйек қылып таныстырып өтті. Бұдан кейін қатысушылар өнерлерін паш етті. «Өнерлінің қолы – алтын» деп қазақ бекер айтпаған. Кешегі күннің көзін көрген кеудесі көмбе әзиз аналар қазақ қолөнерінің неше атасын сахна төріне алып шықты. Түскиіз, тымақ, құрақ көрпе сынды ертеректе күнделікті тұрмыста кеңінен қолданған бұйымдарды өз қолдарымен әзірлеген. Ел ішінде «Батысқа барып күйшімін деме, Сырға барып жыршымын деме, Арқаға барып әншімін деме» деген сөз бар. Байқауға қатысушылар ән-жырдан құр алақан еместігін де көрсетті. Қорытынды сайыс – ұлттық салт-дәстүрді насихаттау мақсатында бесікке салу, байғазы, шілдехана, тұсаукесер сынды ғадет-ғұрыптарды сахналады.

Сайыс соңында әділқазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар анықталды. Атап айтсақ, бас жүлдені Л.Ақылбекова (Қызыларай ауылы) иемденді. Ал, I орынды Қ.Есімжанова (Құсақ ауылы) алды. II орынды Б.Қарлыға (Тораңғалық ауылы) мен Б.Нарымбекова (Шашубай кенті) теңдей бөліссе, III орын Б.Сейтқасова (Қуаныш ауылы), Қ.Құлымжанова (Шабанбай би ауылы) және А.Бұхарбекованың (Үшарал ауылы) еншісіне тиді. Сайыста өнер көрсеткен барлық қатысушы арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Беттің материалдарын дайындаған Е.Айтжан

## Оймақтай ой

# «Керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі»

Шалқалап шаңыраққа қарап, құр жатқан адамды неше алуан ойлар төңіректестіріп келеді екен. Жайшылықта маңайламайтын ойлар сананың сонау түкпірінен бас көтеріп, кейін қайта семеді. Екі-ақ әріптен тұратын осы ой – ақылмен ұштастырсаң парасат биігіне шығаратын, керісінше, нәпсіге жетектестіріп жіберсең, хайуаннан да төмен дәрежеге түсіретін өте алапат күшке ие құдірет. Шынға шығуы, яки шыңырауға құлауы пәнденің пифылына байланысты.

«Керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі» деген екен хакім Абай. «Толқынды толқын қуады, толқыннан толқын туады» деп ұлы ақын Мағжан айтқандай, «ойдан ой туып, ой ойды қуып», кей сәтте үлкен иірімге түсіп кетесің. Бір есептен ол да дұрыс. Адам бір мезет бас қатырып, ойланбаса кәлләсындағы ми емес, құр қауашақ болар еді.

Бажайлап байқасаңыз, айналадағы кез келген жаратылыстың өзіне ғана тән атқаратын миссиясы бар. Мәселен, қарапайым талдың әр жапырағы ауадағы көмірқышқыл газын бойына сіңіріп, оттегі бөліп шығарады. Сол

секілді адам баласы да мына фөниге мансап қуып, құлқынның құлы болу үшін келген жоқ. Оның да өзіне міндеттелген жүгі бар. Ал ол қандай міндет-парыз екенін анықтау үшін әркім өзіне «Мен кімін? Қайдан келдім? Қайда барамын?» деген философиялық сауал қоюы керек.

Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұов «Адамнан туып, адам ісін етпей, ұялмай не бетіммен көрге барам?!» – деп өз-өзіне серт берген екен.

«Адамға бәрі керек, солардың ішінен үшеуін ғана таңда десе, менің таңдайтыным: денсаулық, айнымас жолдас, суымас махаббат» деген екен Ғабиден Мұстафин. Сонымен қатар, Ғабан: «Көңіл шіркін, дәмдіден дәмді, қызықтан қызықты іздейді. Егер Ақыл Сабыр, Ұят тежемесе, адамды айуан қатарына апармай тынбайды» дейді.

Ал ұлы Ғабит Мүсірепов: «Адам баласы адам болғаннан бастап ұжмақта тұра берсе, дүниедегі ең топас хайуан солар болар еді» деген тұжырымға тоқтаған.

Ақ пен қараның қатар жүруі заңдылық. Жүрек – адам бойындағы жақсылық пен жамандықтың майдан

даласы. Жүрек түкпірінен төлежіп келе жатқан осы екі қасиеттің қайсыбірін тұншықтырып, біреуін бойына сіңіруі адамның ортасына, рухани тұрғыда бай болуына байланысты.

Әрқашан кез келген іс-әрекеттің бағасын беретін, ол – халық. Әгерәки, әлдекімнің қажетін ашып, қол ұшын созып, жақсылық жасаған болсақ, «адамгершілігі мол екен» деп, арқадан қағып, аспанға көтереді. Ал, керісінше, әлдеқалай шалыс басып, жамандық атаулыға жуып кетсек, «пенделшілікке салған ғой» деп сөге жамандайды. Сонда Адам кім? Пенде кім? Адамгершілік пен пенделшіліктің арасы бір-ақ қадам.

Дүниедегі жарық жылдамдығын да шаң қаптыратын, ашық космостан да шексіз бір дүние – ой. Әркезде адам баласының қандай да бір жетістігі, қазіргі қолымызбен ұстап, көзімізбен көріп жүрген материалдық дүниенің баршасы осы оймақтай ойдан бастау алады. Ой деген дәйім лықсып, дамылсыз атқылап жататын қайнар бұлақ іспеттес. Сол себепті де тұмамызды ластап алмай, тұнық күйінде ұстайық, күрметті оқырман!

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

ауқымды саяси реформаның арқасында қол жеткіздік. Партияларды тіркеу мәселесін реттейтін заңнаманың өзгеруі де бұған септігін тигізді.

Енді партиялар еліміздің болашағына зор ықпал ететін саяси үдерістің басы-қасында жүретін болады. Мәжіліске бір мандатты округтен де депутаттар сайланды. Яғни, Парламентке түрлі әлеуметтік топтан шыққан өкілдердің келуіне жол ашылды.

Сондай-ақ, ұзақ жылдан бері алғаш рет өзін-өзі ұсынған үміткерлер депутат атанды. Бірқатар азамат партия атынан шыққан үміткерлерді тартысты бәсекеде жеңіп шықты.

Осылайша, елімізде демократия дәстүрі жаңа деңгейге көтеріліп, нығая түсті. Саяси күштердің бәріне бірдей мүмкіндік берілетініне азаматтардың сенімі артты.

Еліміздің жастары әрдайым менің айрықша назарымда екені баршаға мәлім.

Мен билікке ойы озық, білімді жастар келуі керек деп үнемі айтамын. Өскеден ұрпақты ел ісіне баулу – өте маңызды мәселе. Олар қоғамға жаңа құндылықтар әкелуге тиіс. Сайлау кезінде жас кандидаттар бірігіп, өз тобын құрғаны белгілі.

Осы одақтың белсенді мүшелері Парламентке және мәслихаттарға өтті. Осылайша, өкілді билік тармағына саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Жастар мұны елімізді дамытуға берілген бірегей мүмкіндік деп бағалауы қажет.

Сондай-ақ, әйелдердің және ерекше қажеттілігі бар жандардың Мәжіліске өтуіне жағдай жасалды. Саяси науқан қоғамдағы әрбір азамат Парламентке мүше бола алатынын және «әлеуметтік лифт» жұмыс істейтінін айқын аңғартты. Әділетті қоғамның қалыптасуы дегеніміз – осы!

Бұл сайлау үміткерлерге қойылатын талап өзгергенін көрсетті. Қазір тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнату өте маңызды. Мұны дұрыс түсініп, елмен етене араласа білген үміткерлер халық сайлаған өкіл атанды. Сайлаушылар өзінің мұң-мұқтажын білетін және мүддесін қорғай алатын азаматтарға дауыс берді.

Ақпараттық технология дамыған қазіргі заманда халық бәрін жіті бақылап отыр. Осы ретте депутаттардың ел алдындағы жауапкершілігі артқанын атап өткен жөн. Сондықтан осы ғимаратта отырған депутаттар 5 жыл бойы саналы, парасатты түрде белсенді жұмыс істейді деп сенемін. Себебі ел мүддесі үшін қызмет ету қажет.

Бұл – «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген қағиданың тағы бір көрінісі.

Осы науқанға өте көп адам қатысты. Бұл – қалыпты үрдіс. Олардың арасында мақсаты, ұстанымы әртүрлі жандар бар.

Қазір елдің көзі ашық, көкірегі оюу, саяси сауаты жоғары. Кез келген сайлауда жеңіске жету үшін жылдар бойы қажырлы еңбек ету қажет. Халықтың және тарихтың алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. Бір сөзбен айтсақ, ұзақ мерзімді, жүйелі стратегияның арқасында ғана жеңіске жетуге болады.

Қажетті дауыс жинай алмаған үміткерлер үшін де бұл – үлкен тәжірибе және жаңа мүмкіндік. Баршаның Қазақстан мүддесі үшін жұмылып жұмыс істеуге шақырамын.

Небәрі бір жылда мұндай ауқымды жұмысты іске асыру – нағыз жасампаз жұрттың ғана қолынан келетін шаруа. Біз Отанымызды өркендету жолында зор бетбұрыс жасап, жаңа дәуірге қадам бастық. Бірақ өзгерістер мұнымен бітпейді. Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл – аса маңызды жұмыс.

Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша, биліктің барлық институттары жанарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз.

Бәріміз мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан – осы ғасыясы аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел. Кейбір адамдар, солардың ішінде саясаткерлер де бар, осындай реформалар Қазақстанға қауіп төндірмейтін мүмкін деп айтады. Бірақ мен осы өзгерістердің барлығы, ең алдымен, ел болашағы үшін ауадай қажет деп ойлаймын.

Алған бетімізден қайтуға болмайды. Керісінше, заң үстемдігі, халық бірлігі, әлеуметтік әділдік және ішкі саяси тұрақтылық секілді іргелі құндылықтарға баса мән бере отырып, реформалар жолымен алға қарай нық қадам басуымыз керек.

Құрметті депутаттар!

Алдымызда айрықша маңызды міндеттер тұр. Біз жан-жақты жаңғырту жұмысын күшейтуіміз қажет. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму барысына тың серпін беруіміз керек. Еліміз ұзақ уақыт бойы қолайлы сыртқы ахуалға арқа сүйеп келді. Неше түрлі тұжырымдамаларға, бағдарламаларға сенді.

Атқарылған жұмыс туралы жалған есепке сенуге мәжбүр болды. Алайда аса маңызды, өзекті мәселелер назардан тыс қалды. Халықтың тұрмыс сапасы әлі күнге дейін жақсы емес. Құқықтық әділетсіздік белен алды. Бай мен кедейдің арасы алшақтай түсті.

Алдағы бес жылда Үкімет және Парламент осы негізгі мәселелердің шешімін табуы қажет. Біз еліміздің белдеуін бекемдеп тартуымыз керек. Экономикада және әлеуметтік

салада жылдар бойы жиналып қалған түйткілдер бар. Оның барлығын ретке келтіруіміз қажет. Сол үшін жұрттың бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ тиімді әрі қажетті шешімдер қабылдау керек болады.

Нақты басымдықтар форматында жұмыс істеу керек. Аса маңызды мәселелерді дереу шешу қажет. Бірақ кейбір мәселені кейінге қалдыруға, ал бірқатары бойынша алдағы шешімдердің тек жобасын белгілеуге тура келеді. Әйтпесе, еңбегіміз зая кетеді және қолда бар ресурстарымызды сарқып аламыз.

Алдағы бес жыл ел тағдыры шешілетін маңызды кезең болмақ. Елімізді қарқынды дамыту үшін сапалы заңнамалық база қалыптастыру керек. Ол үшін экономикаға қажетті ережелер мен қағидаларды өзгерту қажет. Бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалды. Монополиядан арылту және елімізден заңсыз шығарылған капиталды қайтару жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бұл елімізге орнықты, бәсекеге қабілетті ірі бизнес керек емес дегенді білдірмейді. Керісінше, қажет екені сөзсіз және біз оны қолдаймыз. Ірі бизнес біздің жаңа экономикалық парадигмада жаңаша жұмыс істей бастайды әрі міндетті түрде дамиды. Жалпы, ашық әрі өзін-өзі қамтамасыз ететін нарықтық экономика қалыптастыру басты басымдық болып қала береді.

Осы ретте шағын және орта кәсіпкерлік экономика мен еңбек нарығының қозғаушы күшіне айналуға тиіс. Бұл жөнінде көп айтылды. Бірақ аталған бағытта айтарлықтай ілгерілеу болған жоқ. Демек, экономикалық саясатқа өзгеріс енгізу қажет.

Шағын және орта бизнесті толыққанды дамыту үшін кешенді шаралар қабылдау керек. Олар елімізді дамытуда маңызды рөл атқаратынын толық сезінуге тиіс. Бізге Қазақстан экономикасын дамыту жолында өзіне жауапкершілік ала алатын кәсіпкерлердің «жаңа толқыны» қажет. Оның бел ортасында әкімшілік ресурстарға иек артпай, кәсіпкерлік таланты мен еңбекқорлығының арқасында кәсібін табысты жүргізе алған бизнесмендер болуға тиіс.

Ондай адамдар әр аймақта бар. Оларға елімізде өз бизнесін дамытуға мүмкіндік беру және нақты көмек көрсету маңызды. Қазақстанның қазіргі экономикалық моделі, ең алдымен, шикізат секторына инвестиция тартуға негізделді. Сондықтан ұлттық буржуазияның негізін құрайтын орта бизнес жүйесіз дамып жатыр. Тек жекелеген аймақтарда ғана оң қарқын байқалады.

Жалпы Үкіметке экономиканың негізгі салаларына қомақты инвестиция, соның ішінде шетелдік инвесторларды тарту міндеті жүктеледі. Олар орта бизнестің дамуына тың серпін беруге тиіс. Бұл мәселені сөзбе-сөз салуға болмайды.

Елді жайлаған індет және оның салдары кәсіпкерлерге оңай тимегені анық. Былтырдан бері саяси жүйені жаңғыртуға баса мән бердік. Енді экономикадағы нақты мәселелермен айналысатын кез келді. Бұл жұмысты мықтап қолға алу керек.

Біздің басты міндетіміздің бірі – жеке меншікті қорғау және нарықтың бәсекелі болуын қамтамасыз ету. Сол үшін сот және құқық қорғау жүйесіндегі реформаларды жалғастыру қажет.

Мен еліміздің кәсіпкерлеріне үндеу жасағым келеді. Қазақстан – бәріміздің ортақ мекеніміз. Ендеше, кәсіпкерлі Отанымызды бірге өркендетейік, болашағымызды бірге құрайық.

Мен Президент ретінде Сіздерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетініне кепілдік беремін. Біз шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілетін арттыру мәселесіне баса мән береміз. Осы орайда шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің бірыңғай кешенді бағдарламасын әзірлеу қажет.

Ең бастысы, мемлекеттік қолдауға ие болатын жобаларды іріктеу ашық өтуге тиіс. Жобаның нақты әлеуметтік-экономикалық тиімділігін ескеру қажет.

Осы орайда Үкіметке депутаттармен бірлесіп, орта бизнесті дамытудың тың тәсілдерін әзірлеуді тапсырамын. Әйткені, орта бизнес ел экономикасын дамыту ісінде басты рөл атқарады. Бұл мәселе менің жеке бақылауымда болады.

Біз нақты индустрияландыруға, жергілікті өндірісті дамытуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға баса назар аударуымыз қажет. Бюджеттен қаржыландырылатын ауқымды жобаларды, ең алдымен отандық кәсіпкерлер жүзеге асыруға тиіс.

Жалпы, алдағы бесжылдық шағын және орта бизнесті қолдауға арналуы керек. Ұлттық жобалар уақтылы және сапалы жүзеге асырылуға тиіс. Бюджеттің әрбір тиыны тиімді жұмсалуды керек. Осының бәріне парламенттік бақылау жасау айрықша маңызды. Әздеріңізге дауыс берген азаматтар үлкен үміт күтіп, сенім артып отыр. Депутаттар билік пен қоғамның әріптестігін нығайтуға үлес қосуы қажет. Бұл жұмыс «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орнықтыруға септігін тигізеді.

Әсіресе, сайлауда жеңіске жеткен Amanat партиясы осы жұмысқа белсене атсалысады деп сенемін. Партияның тәжірибесі мод қоғам тарапынан жан-жақты қолдау бар. Сондықтан Amanat партиясы алдағы өзгерістердің бел ортасында болады деп үміттенемін.

Қысқасы, депутаттарға бір ғана маңызды міндет жүктеледі. Яғни, әрдайым өзгерістердің бел ортасында болу керек. Сіздер шешім қабылдайсыздар және сол үшін жұрт алдында жауап бересіздер. Халықтың мүддесін тиімді қорғау және еліміздегі өзекті мәселелерді шешуге атсалысу үшін азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнату қажет.

Еліміздің негізгі басымдықтарын баршаңыз жақсы білесіздер. Бұл – тұрғындардың әл-ауқатын арттыру және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру. Сол арқылы тамыры тереңде жатқан мемлекеттілік дәстүрімізді нығайта түсу. Осы орайда мен Парламенттің алдағы жұмысы туралы ойымды ортаға салғым келеді.

БІРІНШІ. Іскерлік белсенділікті ынталандыру қажет. Ол үшін, ең алдымен, әділ тұрақты әрі ашық салық жүйесін қалыптастыру керек. Салық саясатының жаңа моделі ұлттық байлықты тиімді бөлуді, экономикалық белсенділіктің жоғары деңгейі мен экономиканың басым бағыттарын нақты қолдауды қамтамасыз етуге тиіс.

Салық кодексі және тұтас салық саясаты түсінікті, тұрақты болуы қажет.

Фискальдық органдардың бизнеспен қарым-қатынасына қатысты бүкіл процесті толық цифрландыру керек. Бұл кәсіпкерлердің тіршілігін айтарлықтай дәрежеде жеңілдетуге және бюджет кірісін жүйелі түрде ұлғайтуға септігін тигізеді. Парламентте мемлекеттік бюджетке мол кіріс әкелетін корпоративтік табыс салығы мен қосымша құн салығына қатысты мөлшерлемелерді әртарапандыру мүмкіндігін талқылауға болар еді.

Ірі кәсіпорындар және шикізат экспортымен айналысатын компаниялар қазынаға көбірек төлем түсірсе, әділдік болар еді. Бұл әлемде бар озық тәжірибе. Қазір елдегі жағдай түбегейлі өзгерді.

Әділетті Қазақстан дегеніміз – жалаң ұран емес, бұл – анық ақиқат. Алда атқаратын жұмыс көп. Біз бұған бір ел болып түгел атсалысуымыз керек.

Өткен жылдың басынан бері экономиканы монополиядан арылту жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл – Үкіметтен ерік-жігер мен жоғары кәсібилікті талап ететін күрделі процесс. Бұл жұмысты жалғастыруға жөн, трансфертті баға белгілеу, халықаралық салық салу, субсидия мен мемлекеттік ресурстарды бөлу кезінде бақылауды қамтамасыз ететін түсінікті және тиімді құралдарды қолданысқа енгізу қажет.

Президент болып қайта сайланғаннан кейін ең бірінші Заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойғанымды еске саламын. Үкімет пен Бас прокуратура тек заң жобасын әзірледі. Парламент тиісті заңды жуық арада қабылдауы керек.

Бұл қаржы тек елімізді дамытуға жұмсалуды қажет. Аталған мәселе бюджет шығындарына да қатысты. Алайда бюджеттің жоспарлануы мен жұмсалуды көңіл көншітпейді. Мемлекеттік қарызды өтеу шығыны артып барады.

Ұлттық қордан бөлінетін трансферт азаймай тұр. Барлық деңгейдегі бюджетті тиімді игеру проблемасы әлі де бар. Сондықтан бізге жан-жақты ойластырылған әрі теңгерімді бюджет саясаты керек. Биыл Парламент қарауына енгізілетін Жаңа Бюджет кодексінің жобасы аталған мәселелерді шешуге бағытталуға тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе. Үкімет және Парламент туризмді дамыту мәселесіне баса назар аударуға тиіс. Еліміздегі туризмнің әлуеті зор, көрікті жерлеріміз өте көп. Бірақ сол жерлерге барып, демалуға әлі де жұрттың қолы жете бермейді. Бұл салаға тың серпін беру үшін, ең алдымен, инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет.

Кәсіпкерлер туризмнің болашағы зор екенін көруі керек. Сол үшін қажетті жағдайды жасаған жөн. Осы салаға салынған жеке инвестицияның көлемі, іштен және сырттан келген туристердің саны неғұрлым көп болса, жұмыстың нәтижесі де соғұрлым тиімді болмақ.

Жалпы орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау саясаты мемлекетіміздің ұзақ мерзімге арналған тұрақты стратегиясына айналуы керек. «Ақжол» партиясы шағын және орта бизнесті дамыту, экономиканы монополиядан арылту туралы үнемі айтып жүр. Партияның Мәжілістегі депутаттары осы жұмысқа өз үлесін қосады деп сенемін.

Сондай-ақ кәсіпкерлердің бастамасымен құрылған Respublica партиясы Парламентке өтті. Бұл ұйым бизнестің дамуына қолайлы жағдай қалыптастыруға атсалысады деп ойлаймын.

Тағы бір өзекті мәселеге назар аударғым келеді. Заңдар мен түрлі ережелерді әзірлеген кезде қаржы, өнеркәсіп топтары, ірі бизнес өкілдері шешім қабылдауға зор ықпал етеді. Ашығын айтсақ, бұл барлық елге, тіпті, дамыған мемлекеттерге тән жағдай. Бірақ осы үдерісті қоғамнан жасырмай, заңмен реттеу керек, әйтпесе, жемқорлық белен алады.

Өркениетті елдерде саясат жабық есік жағдайында астыртын жасалмайды. Сондықтан лоббистік қызметті заңмен реттеудің және оған бақылау жасаудың халықаралық тәжірибесін зерттеу керек.

ЕКІНШІ. Еліміздің өндірістік әлуетін барынша арттыру маңызды. Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін пайдалы қазбаларға тәуелді болып отыр. Яғни, ел экономикасының құрылымы – қарапайым. Шын мәнінде, бізге қарқынды даму үшін күрделі, әртарапты экономикалық құрылым қажет. Әріне, шикізат нарығындағы әлемдік бәсеке біздің өз артықшылығымыз бар. Қазіргі және стратегиялық міндеттерді

(Жалғасы 5-бетте).

# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

(Жалғасы. Басы 1, 4-беттерде).

орындау үшін оны тиімді пайдалану қажет. Сондықтан осы саланы одан әрі дамыта беру керек.

Бірақ жер қойнауын пайдалану саласында ондаған жыл бойы қордаланған проблемалар аз емес. Геологиялық барлау жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуі тау-кен өнеркәсібін өркендетуге кедергі келтіріп отыр. Минералды шикізат базасын толықтыру қарқыны бөсендеп барады. Оның үстіне қазір игеріліп жатқан кен орындарының қоры сарқыла бастады.

Қазба байлықты тиімді және үнемді пайдалану қажет. Ол үшін заңнаманы жақсартып, рәсімдерді жеңілдету керек. Геологиялық барлау және кеніштерді игеру ісіне инвестиция тарту айрықша маңызды. Үкімет пен Парламент осы салаға қатысты нақты шаралар әзірлеуге тиіс.

Былтыр тауар газының тапшылығына тап болдық. Бұл жағдай бүкіл еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне қатер төндіре жаздады. Мұндай келеңсіздікке жол бермеу үшін нарықты газбен қамтамасыз ету керек. Қазақстанда газдың бағасы көрші мемлекеттерге қарағанда әлдеқайда арзан. Шетелдегі сияқты әртүрлі тарифтерді бізге де енгізу мүмкіндігін қарастырған жөн.

Жалпы, төмен тарифтер мен төмен бағалар экономикамызға теріс ықпал етеді. Бөлінген барлық субсидиялар көрші елдерге босқа кетеді. Қаншалықты қиын болса да, бұл мәселені біртіндеп шешу қажет. Басқа жол жоқ.

Қазіргі уақытта зәулім үйлерін күндіз-түні төмен тарифпен жылытатындар үшін жаңа жүйе бойынша газдың текшеметрі қымбатырақ болуға тиіс. Әлеуметтік әділдік дегеніміз – осы.

Қолда бар шикізатты пайдалану тиімділігін арттыру маңызды. Күнделікті тұрмыста да, мемлекет деңгейінде де үнемдеп үйрену керек. Бұл – әлемдік тәжірибе. Оның өзектілігі қазіргі күрделі геосаяси ахуал жағдайында күшейе түсті.

Өндірісте де, тұрмыста да газды арзан екен деп бейберекет жаға беруге болмайды. Мұны доғару керек. Үкімет Тауар газының энергетикалық тиімділігін арттыру және оны үнемді пайдалану жоспарын әзірлеуі қажет.

Бәсекеге қабілетті экономика дегеніміз – әртараптандырылған экономика. Пандемия және қазіргі геосаяси дағдарыс шикізат нарығының тұрақсыз екенін айқын көрсетті. Қазба байлыққа ғана арқа сүйей, қамсыз отыратын заман келмекке кетті. Жер қойнауынан шыққан қазынаның қосымша құнын барынша арттыру керек. Оны сапалы және сұранысқа ие тауарға айналдыру өте маңызды.

Бұған дейінгі индустрияландыру жұмысының барысында шикізаттық емес сала ойдағыдай дамыған жоқ. Азық-түлік пен күнделікті тұтынатын тауардың өзін әлі күнге дейін сырттан сатып алып отырмыз. Инфляцияның өсуіне басты себептің бірі – осы.

Еліміздің экономикасы сыртқы саудаға және инвестицияға әрдайым ашық. Қазақстан – Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі. Сондықтан сыртқы саудамызды еркін түрде дамытуымыз керек. Бірақ кемінде өз әлеуетіміз жететін нәрселермен өзімізді қамтамасыз етуіміз қажет.

Мысалы, шикізат та, мамандар да, кейбір технология да өз елімізде бар. Елдің ішкі сұранысын өтеуіне қатысты бір негізгі ұстаным болуға тиіс. Ең алдымен, ішкі нарыққа бағытталған өңдеу өнеркәсібін дамытуымыз қажет.

Өңдеу өнеркәсібін инновация мен жоғары технология ғана жедел дамытады. Бұл – айдаң анық нәрсе. Сол себепті Қазақстан экономикасы ғылыми жетістіктерді негізге алуы керек.

Зерттеу жүргізіп, патент алу жеткіліксіз. Ғылыми жаңалықтарды өндірісте пайдалану қажет. Ғылымды жан-жақты дамыту үшін жаңа заң қабылдау керек. Депутаттар осы заң жобасына мән береді деп ойлаймын.

ҮШІНШІ. Инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау қажет. Биылғы қыстың қалай өткенін баршаныз білесіздер. Қыстың көзі қырауда бірқатар аймақта қалалар мен елді мекендер жылусыз қалды. Әбден тозған энергетика инфрақұрылымы өрен жұмыс істеп тұр.

Менің тапсырмаммен электр энергетикасы нарығын дамытудың жаңа үлгісі дайындалып жатыр. Сол арқылы осы салаға қосымша инвестиция тарту көзделіп отыр. Сондай-ақ бұл құжат осы саланың барынша ашық болуын қамтамасыз етпек.

Қазір Мәжілістің қарауында электр энергетикасына қатысты үш заң жобасы жатыр. Депутаттық корпус заңнамадағы тиісті өзгертулерді шұғыл түрде қарап, қабылдауға тиіс. Коммуналдық желілердің әбден тозу салдарынан барлық өңірде дерлік қайта-қайта апат болып жатыр. Көптеген қалада жол электр тарату желісі, газ құбыры секілді негізгі инфрақұрылымдардың тапшылығы қатты байқалады.

Біз еліміздің инфрақұрылымдық қуатын қалыптастыруымыз қажет.

Сондықтан мен Ұлттық инфрақұрылым жоспарын қабылдауды ұсынамын. Құжатта осы саладағы басты мәселелер ашық көрсетілуге тиіс. Сонымен бірге 2029 жылға дейін іске асырылатын негізгі жобалар қамтылуы қажет.

Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Маған азаматтардан күн сайын жүздеген өтініш келеді. Оның ішінде қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді сұраған хаттар өте көп. Бұл түйткіл мемлекет тарапынан мүмкіндігінше

шешіліп жатыр. Тағы да қайталап айтамын, мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді.

Тұрғын үй саясаты нарықтағы ахуалға тығыз байланысты. Сондықтан біз осы саладағы саясатымызды қайта қарап, оның мейлінше әділ әрі икемді болуын қамтамасыз етуіміз керек.

ТӨРТІНШІ. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру қажет. Ашығын айтсақ, агроөнеркәсіп кешені бұл міндетті толық орындап отырған жоқ. Осы саладағы саясат бірізді емес. Мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаражат тиімді жұмсалмайды. Өнім өндіруші мен тұтынушының арасында делдал көп.

Ауыл шаруашылығын қарқынды дамытуға қажетті жағдай жасау – мемлекеттің міндеті. Сонымен қатар ауыл-аймақтарды кешенді түрде өркендету аса маңызды. Елімізде бірнеше жылдан бері «Ауыл – Ел бесігі» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Соның аясында 1 мыңнан астам ауылдағы үш мың жеті жүз нысан жаңғыртылды. Оның бәрі – әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандары. Бұл жұмыс болашақта да жалғасалды.

Биыл тағы 1,5 мыңнан астам жобаға бюджеттен 143 миллиард тенге бөлінеді. Мен сайлау алдында ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту қажеттігі туралы анық айттым. Бұл – маңызды міндеттің бірі. Оны ауыл шаруашылығы кооперациясы арқылы жүзеге асыру керек. Сол үшін «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынады. Ауыл тұрғындарына 5-7 жылға жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері халыққа қызмет көрсету және өнім өткізу үшін құрылады. Оларға құрал-жабдық және техника сатып алу үшін субсидия беріледі. Осы мақсатқа 1 триллионға жуық тенге бөлінеді. «Ауыл – Ел бесігі», «Ауыл аманаты» жобалары ауылды дамытуға арналған жаңа тұжырымдамаға арқау болуға тиіс. Топырақтың құнарын сақтап, оны жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану үшін бақылауды күшейту маңызды. Өнім көлемін арттыруға және оны әртараптандыруға баса мән берген жөн. Ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларға сапалы заңдар қажет. Бұл жұмысқа Мәжілістен орын алған «Ауыл» партиясы өз үлесін қосады деп сенемін.

Тағы бір мәселе – су қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл – стратегиялық маңызы бар міндет. Алдағы уақытта су мәселесі ушығып кетуі мүмкін. Сол себепті бізге оның алдын алу қажет. Қазір Үкімет Су кодексінің жаңа жобасын әзірлеп жатыр. Су ресурстарын тиімді басқаруға және оларды қорғауға баса назар аудару керек. Осы жұмыста ғылыми ұстанымды, инновацияны, халықаралық озық тәжірибені басшылыққа алған абзал. Біздің елде судың 65 пайызы ауыл шаруашылығы саласына жұмсалады. Соның 60 пайызға жуығы құмға сіңіп кетеді. Мұндай ысырапшылдыққа жол беруге болмайды. Жаңа тариф саясатына көшу қажет. Оны дереу қолға алмасақ, ахуал одан әрі күрделеніп түсетіні анық.

БЕСІНШІ. Адам капиталының сапасын барынша арттыру керек. Бұл мәселе менің айрықша назарымда екенін білесіздер. Себебі Қазақстанның басты байлығы – адам. Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет. Соңғы жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейтті. Балабақша тапшылығы біртіндеп азайып келеді. Барлық облыста мектеп салу, оны жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтау ісі жанданды. Бірақ мұның өзі жеткіліксіз. Білім сапасын, әсіресе, орта білімнің деңгейін арттыру үшін батыл шешім қабылдау қажет. Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек. Алайда мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары тұлғаларының көпшілігі Ұлттық біліктілік емтиханынан өте алмады.

Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатаң ереже болмауы керек. Бірақ негізі, ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс.

Мұғалім тапшылығын желу етіп, мектепке кез келген адамды жұмысқа ала беруге болмайды. Мұндай әрекет ұстаздардың біліктілік деңгейін күрт төмендетеді. Сол себепті мұғалім даярлау ісін жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл – өскелең ұрпақтың болашағына байланысты өте маңызды міндет.

Білім беру жүйесіндегі менеджментті жақсартуға баса мән берілуге тиіс. Осы салаға нағыз кәсіби мамандарды тарту қажет. Бізде Президенттік жастар кадр резерві бар. Дәл сол сияқты білім саласына өзгеріс әкелетін 1 мың маман арнайы дайындықтан өтетін болады. Осыған орай тиісті бағдарлама қабылданады. Кадр мәселесі жоғары білім беру жүйесі үшін де өте өзекті.

Адам капиталын дамытуға қатысты тағы бір мәселе – Денсаулық сақтау жүйесінің тиімді болуы. Еліміздегі медицина инфрақұрылымын жақсарту қажет. Оның жай-күйіне қатысты түйткілдер аз емес. Мемлекет соның бәрін біртіндеп шешіп жатыр.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауыл-аймақта 600-ден астам нысан салу жоспарланған. Жұмыстың бәрі уақтылы әрі сапалы жасалуы керек. Бұл – өте маңызды. Барлық жауапкершілік әкімдерге жүктеледі.

Сондай-ақ медицина қызметкерлерінің құқығын қорғауға көп көңіл бөлу қажет. Олардың әлеуметтік жағдайы да нағыздан тыс қалмауға тиіс. Осыған қатысты арнайы заң жобасы Парламентте бір жылға жуық талқыланды. Бұл құжатта, негізін, дәрігерлердің жауапкершілігін сақтандыру ғана көзделген. Осы ретте медицина саласының беделін арттыруға қатысты депутаттар мен мамандардың нақты ұсыныстары ескерілмеген. Медицина қызметкерлері заң арқылы қорғалуға тиіс. Парламент осы мәселені ерекше назарға алғаны жөн.

Қазір саламатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамыту айрықша маңызды. Әсіресе, балалардың спортпен айналысуына жағдай жасау қажет. Мұның бәрі халықтың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді. Мен бұл мәселе жөнінде Жолдауымда айттым. Мемлекет спорт инфрақұрылымын жетілдіруге көп көңіл бөледі. Елімізде 43 мыңнан астам спорт ғимараты бар. Олардың жартысынан көбі ауылдық жерде орналасқан. Бірақ қарапайым және қолжетімді нысандар әлі де аз. Спорт ғимараттарының басым бөлігі мемлекет меншігінде. Оларды күтіп ұстауға бюджеттен қомақты қаржы бөлінеді.

Спорт саласын өркендетуге жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, меценаттардың және жарнама берушілердің әлуетін пайдалану қажет. Сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілін кеңінен қолдану керек. Бұқаралық спортты дамытуға тұрғындардың ынта білдіріп, белсенді атсалысуы маңызды. Мемлекет бұған барлық жағдайды жасауға тиіс. Предприниматели и другие граждане, которые вкладывают свои средства в развитие массового спорта, помогают популяризировать здоровый образ жизни, будут удостоиваться самых высоких государственных наград. Жалпы, бұл саладағы жұмыста көзбояушылық пен өміршілдік-әкімшілдік тәсілден бас тарту қажет. Үкімет пен әкімдіктер тиісті бағдарлама әзірлеп, шешім қабылдаған кезде осының бәрін ескеруге тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Мәдениет саласындағы саясатты жан-жақты ойластырып жүргізу керек. Қазір бұл саланы өркендету үшін жаңа тұжырымдама жасалып жатыр. Бұл құжат еліміздің мәдени мұрасын сақтау, насихаттау және ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде шешуші рөл атқарады деп сенемін. Шығармашыл зиялы қауым көпшіліктің көңілін шығатын, мемлекеттің мүддесіне сай келетін туындылар ұсынады деп үміттенемін. Осы ретте креативті индустрияға жүйелі қолдау көрсету өте маңызды.

Адам капиталын тұрақты дамыту жылдам өзгеріп жатқан қазіргі әлемде табысты ел болудың басты кепілі болады деп санаймын. Біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру арқылы әділетті мемлекеттің және үйлесімді қоғамның негізін қалаймыз. Мен «Қазақстанның халық әртісі» атағын қайта қалпына келтіру туралы шешім қабылдадым. Биыл қазан айында – Республика күнінде осы атаққа лайықты мәдениет қайраткерлерінің алғашқы тобы марапатталады.

АЛТЫНШЫ. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау – басты міндеттің бірі.

Қиындыққа тап болған жандар еш көмексіз қалмауы керек. Мемлекеттің әділдігі мен қоғамның жанашырлығы осындайда көрінеді. Әсіресе, ана мен баланы қорғауға айрықша көңіл бөлінуге тиіс. Менің тапсырмаммен биыл бала күтіміне жәрдемақы беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға ұзартылды. Тұрмысы төмен отбасындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға берілетін әлеуметтік көмек қайта қаралды. Енді 100 мыңнан астам бала бұл көмекті ақшалай алатын болады.

Көпбалалы отбасыларға да айтарлықтай қолдау көрсетіліп жатыр. Жарты миллионнан астам отбасына арнайы жәрдемақы төленеді. Мен былтыр «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтердім. Қазір осы бастаманы жүзеге асыруға дайындық жүргізіліп жатыр. Мемлекет мұқтаж жандарға атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді жалғастыра береді.

Осы орайда ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арнайы тоқталғым келеді. Елімізде осы санатқа кіретін 700 мыңнан астам адам бар. Азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы оларға оңай тиіп отырған жоқ. Біз ерекше қажеттілігі бар адамдарды және олардың күтушілерін қолдау шараларын күшейтуіміз қажет. Сондай-ақ асыраушысынан айырылған азаматтар назардан тыс қалмауы керек.

Осы орайда Үкіметке аталған санаттағы адамдардың жәрдемақысын орта есеппен 14,5 пайызға көбейтуді тапсырамын. Мұны бильғы 1 қыркүйектен бастап қолға алу қажет. Қазақстан біздің аймақтағы осындай әлеуметтік жәрдем беретін жалғыз мемлекет деуге толық негіз бар. Жалпы, әлеуметтік қолдау алдын ала және шын мәнінде мұқтаж жандарға көрсетілуге тиіс.

Дегенмен, кез келген көмек масылдыққа себеп болмауы керек. Әсіресе, еңбекке жарамды жас азаматтар жәрдемақыға қол жаймауға тиіс. Денсаулығы мықты, күш-қуаты бар азаматтар үшін бұл – ұят нәрсе. Ақ зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдарға айрықша көңіл бөлу керек. Осындай

(Жалғасы 6-бетте).

# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

(Соңы. Басы 1, 4, 5-беттерде).

жұмысшыларға арнайы төлем төлу мәселесін ойластырған жөн.

Бұл ретте еліміздегі және халықаралық тәжірибені мұқият зерделеу маңызды. Мемлекеттік көмек әлеуметтік қатердің салдарын жоюға емес, оның алдын алу үшін берілуі қажет. Парламент пен Үкімет осы бағытта бірлесе жұмыс істеуі керек. Қазақстан халық партиясы мен Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының депутаттары әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене атсалысады деп сенемін.

Сондай-ақ адвокаттардың рөлін арттыра түсу қажет. Оларға сотқа дейінгі тергеудің басынан бастап қылмыстық істің материалдары еш кедергісіз берілуі тиіс.

**ЖЕТІНШІ.** Жұрт заңдардың кейбір ережелеріне наразылық білдіріп, шағым айтуда. Конституциялық Соттың шешімдері кейбір шағымдардың орынды екенін көрсетіп отыр. Яғни, заңнаманың жекелеген нормалары Ата заңға қайшы екені анықталды. Бұл келісіздіктер құқық қолдану ісінде қиындықтар туғызады. Конституцияға қайшы мұндай нормалар жарамсыз деп танылады.

Осындай ережелерге сүйеніп қабылданған соттың және басқа мемлекеттік органдардың шешімдері қайта қаралуға тиіс. Заңдарымыз Конституцияға толық сай болуы керек. Парламент осы маңызды мәселеге байланысты табандылық танытып, басты рөл атқаруы қажет. Бұл жұмыс азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жүйесін күшейте түсуге мүмкіндік береді.

Құқық қорғау саласындағы тағы бір күрделі мәселе – адам саудасы. Бұған тосқауыл қою үшін арнайы заң қабылдау қажет.

**СЕГІЗІНШІ.** Мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру қажет. Сайлау алдындағы бағдарламалар және уәделер ретімен орындалуы керек. Сонда азаматтардың билікке және шынайы өзгеріске деген сенімі артады. Реформаларды әзірлеу және жүзеге асыру ісінде мемлекеттік қызметшілер маңызды рөл атқарады. Сол себепті жұмысқа ынтасы бар және жоғары білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту керек. Жеке секторда жүрген кәсіби және дарынды басқарушылар үшін жол ашық болуға тиіс. Бізге мемлекеттік қызметтің барынша үйлесімді үлгісіне көшу қажет. Орталыққа жалтақтамай, жергілікті жерде мәселені шешуге дағдылану керек. Мемлекеттік органдардағы жұмысты ұйымдастыру мәдениетін де толық жаңғыртқан жөн.

Сапалы мемлекеттік қызмет көрсету үшін деректер қорын өзара кіріктіру және «ақылды технологияны» пайдалану өте маңызды. Бұл кадам қабылданатын шешімдердің сапасын арттырады.

Сондай-ақ шалғайдағы ауыл тұрғындарына осы игіліктің бәрі қолжетімді болады. Ол үшін мемлекеттік қызмет, мемлекеттік статистика және мемлекет көрсететін қызметтер туралы заңдарға өзгертулер енгізу қажет. Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жаңғырту мәселесіне жеке тоқталғым келеді. Соңғы жылдары әлемде тендессіз геосаяси, экономикалық және технологиялық өзгерістер болды. Осыған орай біздің кейбір стратегиялық құжатымыз өзектілігін жоғалтты. Сондықтан «Қазақстан – 2050» стратегиясын» түбегейлі қайта қарау қажет. Яғни, бұл құжатты қазіргі жаһандық үдерістерді ескере отырып, ел дамуының ұзақ мерзімге арналған басымдықтарын айқындайтын стратегияға айналдыру керек. Жалпы, кез келген жұмыс мұқият жоспарлануы керек. Сонда мемлекеттік саясат стратегиялық сипатқа ие болады және тұрақты жүзеге асырылады. Сонымен бірге еліміз кез келген сын-қатерге төтеп бере алады.

Құрметті депутаттар, сіздер әрдайым барлық істің бел ортасында боласыздар. Бірақ мына

мәселені баса айтқым келеді: ел мүддесінен жоғары ештеңе жоқ. Сондықтан популизмге, жеке бастың мүддесін көздеуге жол бермеу керек. Парламент пен мәслихаттар әрдайым бірлесе жұмыс істеуі қажет. Сонда мемлекет саясаты барынша үйлесімді болады. Жергілікті биліктің шамасы келмейтін ауқымды мәселелерге орталық дер кезінде көңіл бөледі. Реформалардан кейін депутаттардың өкілеттігі біршама кеңейді. Қос палатаның жұмысына бірқатар өзгеріс енгізілді.

Бұрын заң жобасын Мәжіліс мақұлдап, Сенат қабылдайтын. Енді заң қабылдау құзыреті Мәжіліске берілді. Мәжіліс басқа да артықшылыққа ие болды. Сондықтан осы залды Мәжіліске тұрақты түрде пайдалану үшін беру керек деп ойлаймын. Осылайша, жоғары өкілді орган шын мәнінде ықпалды Парламентке айналды.

Мен Премьер-министрдің кандидатурасын сайлауда жеңіске жеткен партия Мемлекет басшысына ұсынуға құқылы деп айттым. Осы ретте саяси жауапкершілік те сол партияға жүктеледі. Бұл тәсіл «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына сай келеді. Үкімет әлеуметтік-экономикалық реформаларды іске асыруға тиіс. Болашақта Үкіметтегі және аймақтардағы басшылық қызметтерге түрлі партия өкілдерін тартқан жөн. Ол үшін саяси партиялардың кадрлық резервін жасақтауды ұсынамын. Сондай-ақ өкілді және атқарушы биліктің қарым-қатынасы жаңаша сипатқа ие болады.

Енді Үкімет шын мәнінде есеп беретін Үкіметке айналады. Министрлердің өз жұмысын жетік білуі ғана жеткіліксіз. Олар өз ұстанымын Парламент алдында қорғауға қабілетті болуға тиіс. Өз бастамаларын қоғамға анық түсіндіруі қажет. Қазір Үкіметтің қателігі мен кемшілігін ашық айтып, жөнге салып отыруға толық мүмкіндік бар. Осы мүмкіндікті халық мүддесі үшін дұрыс пайдалану керек. Парламенттің өз жұмысы да барынша ашық болуға тиіс. Бүгінде оның жиындары интернет арқылы көрсетіледі. Бұл жақсы үрдіске айналды. Оған журналистер де, қалың көпшілік те қызығушылық танытады. Парламентте аса маңызды мәселе талқыланса, жалпы отырысты мемлекеттік телеарна арқылы тікелей эфирде көрсету қажет деп санаймын.

Азаматтар өздері сайлаған депутаттың қалай жұмыс істейтінін нақты көріп, баға бере алады. Парламенттегі пікірталастар, шын мәнінде, жалпыұлттық ауқымға ие болады. Сонымен бірге бұл тәсіл ашық саясат жүргізудің жаңа стандарттарын қалыптастыруға, қоғамдық диалог мәдениетін дамытуға септігін тигізеді. Депутат болу – биік мансап емес, бұл – зор жауапкершілік және маңызды міндет. Сіздерді халық сайлады. Жұрт өздеріңізге сенім артып отыр. Ел сенімі – ел аманаты.

Қадірлі қауым!

Бізге орасан зор жауапкершілік жүктелген. Бұл – өткен тарихтың және болашақтың алдындағы жауапкершілік. Келер ұрпақтың қандай мемлекетте өмір сүретіні біздің бүгінгі шешімдерімізге тікелей байланысты. Еліміздің мақсаты – айқын, бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Мұның бәрі бір күнде жасалатын шаруа емес. Баршамыз табанды, еңбекқор, білікті, ұқыпты, тәртіпті болуымыз керек. Ең алдымен, отаншыл болуымыз қажет. Ұлттың және мемлекеттің мүддесі бәрінен биік тұруға тиіс. Әрине, қоғамның дамуы үшін пікір алуандығы қажет. Бірақ, елдік мәселелерге келгенде бір жағадан бас, бір жәннен қол шығара білген жөн. Елімізді өркендету үшін еңбек ету – баршамыздың азаматтық борышымыз. Ендеше, Отан алдындағы осы перзенттік парызымызға әрдайым адал болайық. Жұмыстарыңыз табысты болсын! Қазақстанымыз көркейе берсін!

akorda.kz

## Дін – бірліктің діңгегі

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін жас мемлекеттің алдында экономика мен әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақты дамыту секілді күрделі міндеттер тұрды. Сондай-ақ, сол кезеңдегі аса маңызды міндеттердің бірі ұлттық тұтастықты сақтап қалу мен қоғамның рухани-өнегелік

жатқан діни сипаттағы кітаптарын, діни сипаттағы заттарын әлеуметтік желілерде, сатуға арналған қосымшаларда (OLX.kz, MARKET.KZ тағы басқа) сауда дүңгіршектердің сөрелеріне сатуға қойып жатады.

Бұл әрекет әкімшілік Кодекстің 490

## Дін саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер негізінде интернет ресурсында, әлеуметтік желілерде рұқсат етілмеген экстремизм мен терроризмді насихаттайтын материалдарды таратудың жауапкершілігін түсіндіру

тұрғыда дамуына қатысты мәселелер еді. Осыған орай, елімізде егемендік жарияланғаннан кейінгі бір ай ішінде, яғни, 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Бұл құжат діни бірлестіктер заңнама шеңберінен шықпаған жағдайда мемлекет тарапынан олардың ісіне қол сұғылмайтындығына кепілдік берді. Заң күшіне енген соң да оның жекелеген тұстарына жеті рет өзгеріс енгізілді. Алайда олар түбегейлі өзгерістер әкелмей, тек діни бірлестіктердің қызметіне қатысты кейбір мәселелерді реттеуге ғана бағытталды. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданғаннан кейін, 20 жыл ішінде қоғамдағы діннің рөлі кеңейіп, елдегі діни жағдай да барша әлемдегідей өзгерістерге ұшырады. Соған байланысты, 2011 жылы Үкімет тарапынан дін саласына қатысты жаңа заң жобасын жасау туралы бастамалар көтеріліп, 2011 жылдың 11 қазанында Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданды. Аталған құжатқа сәйкес, мемлекет халықтың рухани өмірі мен мәдениетінің дамуында исламның ханафилік бағыты мен православие дінінің тарихи рөлін мойындайды, сондай-ақ, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін барша өзге діндерді құрметтейді. Осы заңды бұзушылық әкімшілік Кодекстің 490 – бабына сәйкес жауаптылыққа әкеліп соғады.

Қазіргі таңда көп адамдар қолданыстағы осы заңды білместікпен бұзып жататынын айта кетсек артық етпейді деп ойлаймын. Әсіресе, осы заңда көбінесе бұзылатын құқықтардың бірі, діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелу, әзірлеу, шығару, сату, басып шығару немесе тарату болып табылады. Яғни, қолданыстағы заңның 9 – бабы, 2 – тармағына сәйкес, діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда діни сараптама жүргізіліп оң қорытындысын алған заттар ғана таратуға, сатуға жол беріледі. Алайда көп адамдар білместіктен өзінің үйдегі

– бабы, 1 – тармағы, 3 – тармақшасын бұзушылық болып табылып, жеке тұлғаларға – елу, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Яғни, заңды білмегендік жауаптылықтан босатпайтынның әрбір адам есімізде сақтауымыз қажет.

Сонымен қатар, миссионерлік қызметті тіркесіз (қайта тіркесіз) жүзеге асыру бойынша да көп заң бұзушылықтар орын алып жатады. Жалпы миссионерлік қызмет дегеніміз – діни ұйымдардың ілімдерін таратуға арналған діни және саяси қызмет болып табылады. Мысалы: Егерде сіз белгілі бір діни бірлестіктің атынан ілімдерін таратуға, сол дінді уағыздауға бет бұрсаңыз, міндетті түрде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың жергілікті атқарушы органына, тиісті құжаттарды ұсыну арқылы рұқсаттама алуыңыз тиіс. Рұқсаттама бір жыл көлеміне беріледі және миссионер жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті. Егерде сізде осы рұқсаттама болмай, кез келген діни бірлестікті дәріптеп миссионерлік қызмет атқарсаңыз, ол Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 8 – бабы, 1 – тармағын бұзушылық деп танылып, әкімшілік Кодекстің 490 – бабы, 3 – тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтарына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Заңды білу – заман талабы. Заман ағымына сай заңдар жүйесіне де өзгерістер енгізіліп тұрады. Адамдар да осы ағымнан қалмай, қатар жүруге үйренуі тиіс. Себебі, біздің өз құқығымыз бен заңды жетік білуімізден жауапкершілігіміз туындайды. Әрине, барлық адамның заң баптарын жаңылмай айта алуы шарт емес. Десек те, адамның өмірі мен қызметіне қатысты құқықтық-заңдық сауаттылығының тым төмен болуы, оны талай бас ауыртар мәселемен бетпе-бет жүздестіруі мүмкін.

**Д.Изақов,**  
Аудандық жергілікті полиция бөлімшесінің бастығының орынбасары.

**Еске алу**



Әулетіміздің жанашыры, балаларының қамқоршы әкесі, немерелерінің ардақты атасы **Айтбайұлы Жайлаудың** дүниеден өткеніне 1 сәуір күні 40 күн толады. Қимас көңіліміз «өкеміз арамсызда жоқ» дегенге әлі сенбейді. Марқұм өкеміз байыпты да байсалды, жайсаң мінезімен, еңбекқорлығымен, қарапайымдылығымен, ағайын-туыс, көрші-қоланға сыйлы бола білген жан еді.

Жайлау Айтбайұлы 1939 жылы Ақтоғай ауданына қарасты Балқаш көлінің солтүстік-шығыс жағалауында орналасқан Дадан То-бықтының атамекені Ортадересін ауылында дүниеге келген. Жастайынан мұғалімдікке қызығушылығы зор болып, жоғарғы оқу орнын тәмамдап, 1964 жылы Ақтоғай ауданы, Чапай (Көрпетай) бөлімшесінің мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен мұғалімдік қызметке орналасады. Уақыт өте келе отбасылы болғаннан кейін, жанадан салынған Жәмші ауылында 1972-1992 жылдар аралығында Н.Әбдіров атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып 20 жыл қызмет етті. Құрметті зейнетке шыққан соң, Ақтоғай ауылына көшіп келген. Өмірінің көбін жас ұрпақты тәрбиелеуге арнап, ерен еңбек сіңіре білді. Өкеміздің тәрбиесін алған қаншама шәкірттері мұғалімдік оқу оқып, Қарағанды өңіріндегі аяулы мектептерде еңбек етуде. Өкеміздің алдынан өзі сияқты үлгі тұтар ұстаз да, ақын да, жазушы да шыққан. 1986 жылы Қазақстан Республикасының «Еңбек сіңірген халық ағартушысы» төсбелгісімен марапатталды. Жалпы, Ақтоғай өңірінде өкемізді танымайтын адам кемде-кем. Саналы ұрпаққа айтар ақылы, өнегесі мол, мінезі ашық, аңқылдаған көпшіл, еліне және өз қызметіне адал жан еді. Қасиетті қазақтың қара домбырасын күмбірлетіп күй шерткенде алдына жан салмайтын өнерпаз болды. Асқар таудай қасиетті, биік шындай беделді өкеміздің есімі өнер сүйер әрі әдебиетші жандардың және біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Жазмышқа қарсы дәрмен еш пенденің пешенесіне жазылмаған. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, рухы пейіштің төрінде шалқысын деп дұға бағыштаймыз. Артта қалған ұрпағына, анамсызға Алла қуат, ұзақ өмір берсін.

Бейнесі көз алдымда тұрады әлі,  
Ай өтті, асқар тауым құлағалы.  
Күтпейді бізді үйде келе ме деп,  
Сағынып жанардан жас бұланады.  
Жарқын ең балаң келсе жайрандайтын,  
Уақыт та болмайды ғой қайран қайтем.  
Тасында Көрпетайдың жазылар ма,  
Өтер деп өмір көші ойланбайтын.  
Жан өкем, ұстаз едің ұлағатты,  
Бұл уақыт сізді мәңгі тұралатты.  
Қайғымыз сейілер ме көшкен бұлтай,  
Көңілім кімнен басу сұрамапты.  
Анырап анам қалды артыңызда,  
Медеу боп көңілдегі жартымызға.  
Асқар ең, қайратты ер ең елін сүйген,  
Естесіз сол бір дара қалпыңызда.

**Еске алушылар: жұбайы – Жаңыл, балалары, немерелері, шөбересі.**

**Еске алу**



Ақтоғай ауылының тұрғыны, Шабанбай би ауылының тумасы **Төкеев Аман**ның фәни дүниеден бақилыққа аттанғанына 40 күннің жүзі болды. Өкеміздің жарқын бейнесі, мейірімге толы жанары, әрбір айтып ақыл есімізде мәңгі сақталады. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, немере-шөберелерін әлпештеп, аялаған ардақты өке еді. Өкеміздің аялы алақаны есімізде мәңгі сақталады.

Бүгінгі күні аяулы өкемізді еске алып, жаның жәннатта, тәнің рахатта, Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат болсын, мінгенің пырақ, жаққаның шырақ болсын деп артыңда қалған ұрпақтарын дұға бағыштайды.

Қаратал құяр жерін Тоқырауын,  
Ұмытпай еске алып отырамын.  
Артыңда бауырларың аман болсын,  
Жамылған торқа болсын топырағың.  
Дүниеге келеді адам, кетеді адам,  
Кімге қоныс болмаған дүние-жалған.  
Алланың бұйрығына дауа бар ма,  
Өзі берген өмірін өзі алған.  
Не істерміз, өмірге бағынармыз,  
Еске алып өзіңді жабығамыз.  
Сол бір асыл бейнеңді, жан өкетай,  
Аңсаймыз да бәріміз сағынамыз.

**Еске алушылар: жұбайы – Несібелді, балалары, немерелері, шөберелері.**

Өкеміздің 40 күндік асы 1 сәуір күні Ақтоғай ауылында «Парасат» дәмханасында сағат 13.00-де беріледі. Туған-туыс, көрші-қолан, құда-жекежат, дос-жарандарға хабарлаймыз.

**Еске алу**



Ақтоғай ауылының тұрғыны, ардақты ұл қымбатты бауырымыз **Мұғжжанов Мансур Мұхамбетияұлының** жалған дүниеден өткеніне биыл 30 жыл толады. Тірі болса, 26 наурызда (4 мүшел) 49 жасқа толар еді... Алланың пешенемізге жазғанына көнбеске амал бар ма?

Егер арамсызда болса, бауыр ет бала, бірімізге елгезек іні, бірімізге абзал аға болған бауырымыздың мүшел жасын тойлап жатар едік. Тағдырдың жазуымен оның бәрі біз үшін орындалмас үлкен арман болып қалды. Енді қолдан келері, тек алақан жайып, рухына дұға бағыштап, әруағын Құран нұрымен нұрландыру. Бауырымызды сағынышпен еске алып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, жаны пейіште шалқысын дейміз.

**Сағына еске алушы: анасы – Қуаныш және Мұғжжановтар әулеті.**

**Еске алу**



Асық атып, асау тайға мінгесіп, бала кезден бірге өскен құрдасымыз **Толубайұлы Санаттың** жарық дүниенің дәуренімен қоштасқанына бір жыл толды. Жүзін нұр, күлкісінен мейірім төгіліп тұратын досымыз зейнет жасына да толмай, қуана құжаттарын жинап жүргенде сұм ажал құшағына алды. Нардай азамат қардай еріп, тағдыр сызығына жетті.

Қаратпай ажал өмірдің думан жазына,  
Сағындың ба, әлде ағанның кеттің жанына.  
Көзден кеткенмен, көңілден кетпес жан досымыз,  
Езіліп жүрек, еске алып жүрміз сағына.  
Естелікке айналдың-ау тым жылдам,  
Тіл байланып, түсіп отыр ұнжырғам.  
Жаны жайсаң дос едің, сен ақжүрек,  
Әр ісінді ыждағатпен тындырған.  
Айшығын мазарыңның күн өпкенде,  
Жамылған топырағына гүл өскенде.  
Әруағың бір аунап түсер, бәлкім,  
Келіп тұрған кімдер деп жыл өткенде.  
Ол өзінің әрине, кимастарың,  
Жарың Жәйна, балаң мен сыйластарың.  
Дұға тілеп Алладан жүрер ылғи,  
Бауырларың, бірге өскен құрдастарың.  
...Иә, қайран ғұмыр, сайран ғұмыр, біреуге ерте, біреуге төте  
осылай өте берелі екен, жаның жәннатта болсын, жан дос!

**Еске алушылар: құлырандап қырда ойнаған 1959-шы жылғы құрдастарың. Жидебай ауылы.**

**Еске алу**



Аяулы да ардақты, қимас баламыз **Бауымбеков Нұрай Серікұлы** тірі болғанда 25 жасқа толар еді. Тағдыр жүгінің ішінде сағыныштан салмақты ештеңе жоқ, сірә. Отбасымызға келген ауыр қайғы қабырғамызды қайыстырып кетті. Өмір көші жалғасып жатса да, жүрегіміздің түкпірінде жан баламызға деген сағынышымыз көңілімізді сарғайтуда. Қимастық және сағыныш сезіммен жан баламызға тыныстаған мекенің жайлы, топырағың мамық, жатқан жерің жарық, жаның жәннатта болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.

Сұм ажал кеп молаға жол төседі,  
Нұрайымның босап қалды төсегі.  
Сағыныштан жапырақтай сарғайып,  
Өкінішіміз күннен-күнге өседі.  
Нұрайымыз досқа адал пейілді еді,  
Ерте кеттің, алда еді тойдың көбі.  
Аллаға да жақсы адам керек шығар,  
Адамдықтың үлгісі бойында еді.  
Жалғаннан кейде біз де жалығамыз,  
Өзінді іштей іздеп тарыламыз.  
Құдай-ау, сені бізден айырды ғой,  
Нұрайжан, сені іздеп сағынамыз.

**Сағынышпен еске алушылар: ата-анасы – Серік-Зайдагүл, ағасы – Нұрбол, апа-жездесі – Бағдар-Ақнұр, бауырлары – Анда, Алмас, жиектері – Әлинұр, Әмина, Айзия.**

**Еске алу**



Ардақты бауыр, асқар тау өке, асыл жар, немерелерінің сүйікті атасы **Қнашин Ахат Құлмағанбетұлының** фәниден бақиға озғанына 2 сәуірде бір жыл толады.

Маңайына мейірім шуағын төгіп, ізгіліктің алып емені болған өкеміздің сағым бейнесі көңілді

күлазытып, жүректі сыздатқан сағынышқа айналды. Бес күн жалғанда адалынан еңбек етіп, абыройлы қызмет жасап, адамдықтың ақ туын кірлетпеген өкеміздің ғұмыры біз үшін өшпес өнеге. Ол спорт сүйер жас буынға жақсы жол көрсетуде, өз білгенін өзгелерге үйретуден жалыққан емес еді. Ауданымыздың мәдени-қоғамдық өміріне де белсене араласты. Бір сөзбен айтқанда, өткен өмір жолы кейінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып қалды. Әулетіміздің ақылшысы, панамыз болған қамқор бауыр, абзал өкенің орны ортамызда ойсырап қалғаны қабырғамызды қайыстырады.

Әкешім, сіздің жарқын бейнеңіз, қазынаға тең

ақылыңызға зәруміз. Ізгілікті қасиеттерді бойымызға дарытып, адамдықтың адаспас сара жолына салып бізді тәрбиеледіңіз. Досқа адал, ағайынға жанашыр, отбасына қамқор, отырған орнын әркез думанға бөлейтін жан өкеміздің жарқын бейнесі жалдымыздан ешқашан өшпейді.

Асқар таудай ардақты өкемізді сағына еске алып, әруағына қол жайып, дұға бағыштаймыз. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болып, қабіріңізге Алланың нұры жаусын дейміз.

**Рухына тағзым етіп, еске алушылар: жолдасы-Гүлбаршын, апалары-Аманбала, Күйкентай, бауырлары, балалары – Қайыржан-Зульфина, Досан-Айнұр, Айбатыр, немерелері – Рамазан, Аружан.**

12 наурыз 2023 жылы **Айтқулов Ерлан Серикович** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

Тел.: 8 705 832 83 06.

**Алғыс білдіреміз**

Ақпанның 22 жұлдызында отбасымыздың тірегі, балаларының сүйікті әкесі, немерелерінің ардақты атасы **Аман Төкеев** дүниеден озды. Өкемізді ақтық сапарға шығарып салуда қол ұшын созып, біздің қайғымызға ортақтасып, демеу берген аудан халқына, туған-туыстарға, құда-жекежат, көршілерге, жора-жолдастарымызға шынайы алғысымызды айтамыз. Сіздерге Алла разы болсын. Отбастарыңызға амандық тілейміз.

**Алғыс айтушылар: жұбайы – Несібелді, балалары, немерелері.**

«Қ.Нұржанов атындағы тірек мектебі (РО)» КММ-нің ұжымы осы мектептің кіші қызметкері Асылбеков Ерсінге анасы **Жақыпжанқызы Бибісараның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Құттықтаймыз!



**Нүркен ауылының  
тумасы, құрметті  
бауырым Қазақбаев  
Серік Садықұлы!**

Сізді желкенді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Әулетіміздің тірегі, шаңырақтың ұйытқысы бола білген аса қадірлі, құрметті бауырым, ауырмай-сырқамай құдай қосқан қосағың

Жаңылғанмен бірге бақытты, ұзақ ғұмыр жасап, балашағанның қызығын қызықтап, бөрімізге қамқор болып жүре беруіңе шын көңілден тілек тілейміз.

Тілейміз бар бақытты Серік нағашыға!

Нағашы деген жұртың жақсы болсаң сүйінер, Жаман болсаң күйінер.

Адал туған жиендер,

Нағашыға ұнайды.

Табанын жерге тигізбей,

Мандайын күнге күйгізбей.

«Әу» десең сәлем-сауқатын арқалап,

Адал нағашымызсыз, қасымыздан табылатын!

**Ігі тілекпен: апасы – Мағираш және жиендері.**

## Құттықтаймыз!

**Құрметті Мажманова  
Айгүл Аманкелдіқызы!**

Сізді мерейтойыңызбен, өзіңізге сенімділік пен бақытты өмірдің 50 жылдығымен шын жүректен құттықтай отырып, көршілердің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерді жолдаймыз.

Осы қуанышты сәтте сізге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыңыздан бақдәулет, береке-ынтымақ таймай, аңсаған армандарыңыз орындалсын. Бала-шағаларыңыздың қызығын жан-жарыңызбен бірге көруге Алла нәсіп етсін. Іргеміз сөгілмей татулықта, бірлікте, көршілігіміз мәңгі болып, ғұмырыңыз ұзағынан болсын!

Елу деген – толы той мен думанға,

Тау секілді көрінеді тұлғаң да.

Қосағыңмен қоса ағарып, шөбере сүй,

Басыңыздан бақ кетпесін мәңгілік.

**Ігі тілекпен: Мүсіркеп, Рахман, Жетпіс, Абзал, Зәуреш, Сәкен, Серік, Ермаң, Балқашбек, Ардақ, Даша, Мәрләң, Бейбіт, Нұриманның отбастары.**

## Құрметті оқырман!

**«Ақтоғай  
ажары»  
газетін  
сайттан да  
оқыңыз!**

**[https://  
aqtogaiajary.kz/](https://aqtogaiajary.kz/)**

**Жаңалықтан құр қалмаңыз!**



## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Концерн «Эко-регион СК «ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 03.05.2023 ж. сағат 12.00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал а. о., Тасарал а., к. Ағыбай Батыр, 11 (әкімдік), сондай-ақ Zoom конференциясы арқылы (Идентификатор: 775 6361 2230 қолжетімділік коды: 47vhqK) блоктар контурында қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу жоспары үшін әсерге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді: L-43-53-(10г-5в-11) (06.08.2020 ж. №740-el лицензиясы). Жобалық құжаттама пакетімен порталда танысуға болады esportal.kz. Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады esportal.kz, сондай-ақ эл. мекенжайы esojer@mail.ru. қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. Мекенжайы esojer@mail.ru және телефон бойынша: +7 (7212) 31-98-76.

## ВНИМАНИЕ!

ТОО «Концерн «Эко-регион СК» в соответствии с требованиями ст. 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 03.05.2023 г. в 12.00 по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Тасаралский с.о., с.Тасарал, ул.Ағыбай Батыр, 11 (акимат), а так же посредством Zoom конференции (Идентификатор: 775 6361 2230 код доступа: 47vhqK), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектным материалам для получения экологического разрешения на воздействие для Плана проведения операций по разведке твердых полезных ископаемых в контуре блоков: L-43-53-(10г-5в-11) (Лицензия №740-EL от 06.08.2020 г.). С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале esportal.kz. Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на эл. адрес esojer@mail.ru. Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу esojer@mail.ru и по телефону: +7 (7212) 31-98-76.

АБ

## Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

# «Біз туберкулезді жеңе аламыз!»


Үстіміздегі жылдың 24 ақпан мен 24 наурыз аралығында Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне ойландырылған туберкулездің алдын алу бойынша облыстық айлық өткізілді.

Айлықтың ұраны: «Біз туберкулезді жеңе аламыз!», яғни туберкулезге қарсы бірлескен барлық іс-шаралар

арқылы жаһандық туберкулез індетін тоқтатуда барлық күш-жігерді жандандыру қажет.

Негізінен туберкулез – әлемде ең көп таралған жұқпалы аурулардың бірі. Ол жөтелгенде, сөйлегенде, түшкіргенде туберкулезбен ауыратын науқастан сау адамға берілетін жұқпалы дерт. Оны емдеуден гөрі алдын алу жеңілірек. Аурудың алдын алудың бірден-бір жолы – вакцинация жүргізу. Нәрестені кішкентай кезінде иммунизациялау ауруды 15 есе төмендетеді әрі туберкулездің алдын алуға жәрдемдеседі. Дер кезінде жасалынған екпе балаларды туберкулез ауруынан қорғайды.

Ағымдағы жылы облыс көлемінде туберкулездің эпидемиологиялық жағдайы тұрақтанды. Алайда, аудан көлемінде ағымдағы жылдың үш айында туберкулездің 2 жағдайы тіркелді, ауырғандар ересек



тұлғалар. Оның бір жағдайы аурудың жұқпалы түрі болып отыр. Қарым-қатынаста болған тұлғалар флюорографиялық жолмен тексерілді, балалар арасында Манту сынамасы қойылды, анықталғандар болған жоқ.

Егер туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқас емделмесе, жылына орта есеппен 10-15 адамға туберкулез дертін жұқтыруы мүмкін. Алайда, инфекция жұқтырғандардың бәрі бірдей туберкулезбен ауырмайды, атап айтар болсақ, иммунитет жүйе нашарласа, адамның туберкулезбен ауыру ықтималдылығы жоғарылайды.

Тұрғындар арасында өкпе туберкулезін анықтау мақсатында емдеу орындарында, соның ішінде емханаларда өкпеге флюорография жасалады.

Туберкулез жұқпасы кол алысқан,

амандасқан жағдайда да жұғуы мүмкін. Сондай-ақ, ауру мал да туберкулез жұқпасының көзі болып табылады. Адамдар жұқпаны, көпжағдайда, малдың сүтінен жұқтырады. Сыыр желіні туберкулезге шалдыққан жағдайда, сүтте туберкулез бактериялары пайда болады. Сондықтан, пайдаланар алдында сүтті шикі күйінде емес, тек қайнатып алып немесе пастерленгеннен кейін ғана ішу керек.

Ауруды уақтылы анықтау үшін, туберкулезге күмән тудырсаңыз, дереу дәрігерге көрініңіз. Тамақтану тәртібін сақтаңыз. Таңғы асты міндетті түрде ішу қажет. Бөлмені желдетіп, жиі-жиі таза ауада серуендеңіз. Үйдің, кабинетіңіздің терезесін таза ұстанып, бөлмеге күн сәулесі еркін өтсін. Туберкулезбен ауырған адамдардың көпшілігі бұл аурудан толығымен жазылып кетеді.

Жоғарыдағы айтылған шаралар орындалған жағдайда ғана туберкулезді болдырмаудың мүмкіндігі бар. Тек өзіңізге сенімді болыңыз. Сіздің күресіңіз еліміздегі туберкулез жұқпасының таралу деңгейін төмендетуге әсерін тигізеді.

**Г.Муксинова,  
Ақтоғай аудандық  
санитариялық-  
эпидемиологиялық бақылау  
басқармасы басшысының  
міндетін атқарушы.**

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

**Редактор міндетін атқарушы: Д.КАБЫЛ**

**Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті  
редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан  
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі  
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

**Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі  
газеттің көзқарасын білдірмейді.  
Таралымы 1200 дана**

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай  
ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,  
тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



**Электрондық пошта aqtogai\_red@  
mail.ru**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан  
материалдар қабылданбайды.**

